

7 дәріс. Ғылыми психология негіздері қалыптасуының алғашқы қадамдары

Халел Досмұхамедұлы (1883-1939) бұрынғы қазақ елінде «аламандық» деп аталатын ешкімге бағына қоймайтын, бәсекешіл топтың жиі кездесетіндігін сөз етеді. Қазіргі ғылым тілмен айтсақ – бұл бір-бірімен келісімге келе бермейтін биресми топ.

Аламандық қазақ мінезінің анадайдан бадырайп, бесенеден байқалып тұратын көрінісі. Бұл жеке адамға да, сондай-ақ жекелеген топтарға да тән құбылыс. Ғұлама ғалымның психологиялық тұрғыдан ерекше орын аудартар ендігі бір түйіні – ұлттық психологияның қалыптасуына қоғамдық ортаның, әсіресе ондағы әлеуметтік тәрбиенің ықпалы жайлы мәселе.

Х. Досмұхамедұлы тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі екендігін ерекше атап өтеді. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айрылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді, мектеп пен баспада қолданудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды... Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең – ол күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше сөйлесу – бұл сүйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор қате».

Жүсіпбек Аймауытовтың (1889-1931) психологиялық мұрасы туралы айтқанда, оның «Психология» атты төл оқу құралы толығырақ сөз еуді қажет етеді. Өйткені бұл психология саласында

төл тілімізде жазылған ғылыми мәнін күні бүгінге дейін жоймаған дүние екендігі даусыз.

«Психология, - деп жазды автор осы кітаптың пәлсапаға соғатын пән... өзге білімдер затшылдыққа табанын тіресе де, психология әлі тіреп, яғни нық басқан жоқ... Қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады... Себептері, сырлары айқындалады, бұлардан хабары болу, ақыл-ойны ерік беру кімге де болса керек-ті. Бұл кітапты алдымен бала оқытушыларға ұсынамыз. Қала берсе, кімде-кім әлеуметпен, қоғаммен қатынасып, қызмет ететін болса, оның бәріне де психология пайдалы кітап деп ойлаймыз...».

Ж. Аймауытовтың психология саласында жазған екінші төл еңбегі «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (Мәскеу, 1926) өзіне ерекше назар аудартады. Мұнда автор ғылыми психологияда кең тараған анкета, байқау әдістері арқылы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қыр қазақтарының ұлт, әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мамандық таңдау жоландың талпыныстарын тәжірибе арқылы анықтағысы келген. Автор мамандықтың жаманы жоқ, мұның кез-келгеніне икемдік қажет, бұл жай күнелтудің жолы ғана емес, үлкен өнерді, шеберлікті қажет ететінін айтады.

Ж. Аймауытов психологияның жекелеген мәселелерін өзінің соңғы еңбегі «Комплексті оқыту жолдары» (Алматы, «Қазақ» баспасы, 1929) атты кітабы. Кітап 9 тараудан тұрады, ол педагогикалық курсты тыңдаушылар мен педтехникум студенттеріне арналып жазылған.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938) поэзиясы адамның жан-дүниесінің қыры мен сырына терең бойлайтыны, оның адам жанын дөп басып жататыны көпшілікке мәлім. М. Жұмабаев оқу-тәрбие ісіне тікелей қатысты педагогикалық психологияға ден қоюы ерекше құптарлық. Оның жан қуаттары туралы жайлы пікірлерінде дала өмірі мен өзінен бұрынғы және замандас қазақ зиялыларының туындыларын ұлттық психологиялық нақышты шеберлікпен пайдалана білу тәсілі қазіргілерге өнеге. Жан көріністерін ол білу яки ақыл, сезім яки көңіл, һәм қайрат көріністері болып үш тармаққа бөле келіп, олардың өзара табиғи үйлесімін Абай тұжырымдарымен байланыстырып, ежелгі Шығыс ғұламаларының гуманизмімен үндестіре, тарих тереңінен сөз қозғайды.

Ол сыртқы сезімдерді көру, есту, тату, сипау, ет сезімі деп алты айырыммен арнайы алып. Оларды дұрыс жетілдіру тәрбиесіне арнайы назар аударады.

М. Жұмабаев сұлулық сезімдері жайлы ғылыми ұғымдарды да әр қырынан ашып, өнер адамына тән өрнекті сезімдерді тәптештеп түсіндіреді. Сұлулық сезімдері – адамның дұрыс, сұлу ләззат іздеуіне, сұлу нәрсені сүйсіне, көріксіз нәрседен жиіркене, жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тиылуына көмек көрсетеді.

«Темпераментті тізгіндей білу үшін, - дейді ақын, - адамның жақсы тәрбиеленуі керек». Мағжанның аталмыш кітабы «Педагогика» деп аталғанымен түгелдей дерлік психология мәселелерін сөз еткен. Мәселен, шағын еңбектің 17 тарауының 13-і тікелей психология мәселелеріне арналған.

М. Жұмабаев орыс педагогикасының білгірі К.Д. Ушинскийше педагогиканы жан сырының заңдылықтарын зерттейтін психологиямен астарластыра байланыстырған тұңғыш қазақ ойшылы. Ол педагогиканы психологиясыз, яғни шәкірттердің жан-жүйесі ерекшеліктерін ескермейінше, оқу-тәрбие процесінің теориялық қисындарын баяндайтын педагогиканың дәрменсіз болатындығын ерекше ескертеді.